

Ауданың коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі № 201 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 тамызда N 2899 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы N 28 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 09.02.2015 N 28 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабы 1 тармағы 2) тармақшасына, «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 74 бабы 3 тармағына, «Мемлекеттік мұліктік мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мұліктік мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасының 50 тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген ауданың коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Қанат Қайырлыұлы Едіресовке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откеннен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Есіл ауданының әкімі</i>	<i>M. Әбішев</i>
	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі № 201 қаулысына қосымша

Ауданың коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі

1. Осы есеп ауданың коммуналдық мүлкін (бұдан әрі – Есеп) мұліктік жалға (жалдауға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу «

Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандығы № 88 қаулысының 50-тармағына сәйкес өзірленді, және ауданың коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) берудің тәртібін айқындайды.

2. Коммуналдық занды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) берудің жылдық жалдау ақысының есебі құрылым типі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, қолайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының үйимдастыру-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің

қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен көлемдері негізінде белгіленеді және мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_p = R_{bs} \times S \times K_t \times K_k \times K_{sc} \times K_r \times K_{vd} \times K_{opf},$$

мұнда:

A_p – аудандық коммуналдық занды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерінің жылына 1 шаршы метрге жалдау ақысының жылдық мөлшерлемесі;

R_{bs} – 1 шаршы метрге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі, жылына теңге;

S – жалға алышатын алан, шаршы метр;

K_t - құрылым типін ескеретін коэффициент;

K_k – тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

K_{sc} - қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

K_r – аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

K_{vd} - жалдаушының үйимдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

Ауданың коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің көлемі және базалық мөлшерлемесі, құрылым типі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, қолайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалға алушы ауданың коммуналдық мүлкін мүліктік жалға (жалдауға алуға) беруге жалдаушының үйимдастыру-құқықтық нысаны ескеріледі.

№ р/ с	Базалық мөлшерлемесі	
	Әкімшілік - аумақтық бірлік	Базалық мөлшерлемесінің көлемі
1	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы	сәйкес жылға арналған респубикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіші
№		

	Коэффициент түрі с	Коэффициенткөлемі
	Күрьым түрін ескеретін коэффициент (Кт):	
1	1.1 кеңселік	1
	1.2 өндірістік	0,8
	1.3 койма, көлікжай, қазандық	0,6
	1.4 спорттық ғимараттары (стадиондар, спорт залдары)	0,7
	Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кк)	
2	2.1 жеке тұрган құрылыш	1
	2.2 жапсарлас-жанаса салынған бөлігі	0,9
	2.3 астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4 жертөле бөлігі	0,6
	2.5 ғимараттағы үй-жай	0,6
	Үй-жайдың қолайлылығын ескеретін коэффициент (Ксқ)	
3	3.1 барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (электр қуаты, кәріз, сумен жабдықтау, жылу) коммуникациялардың қандай да бір түрлері жоқ болса, әрбір түрге 0,1 азаяды.	1
	4 Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент (Кр):	
	4.1 аудандық орталыктар үшін	1
	4.2 ауылдық елді мекендер үшін	0,5
5	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд):	
	5.1 брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сактандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшін	3
	5.2 коммуникациялық қызмет үшін, соның ішінде байланыс қызметі , автоматтандырылған телефон станциясы, пошталар, есептік-кассалық орталық банктар	2
	5.3 айырбастау пункттері үшін	5
	5.4 тренажер залдары, фитнес - клубтар, техникалық қызмет көрсету стансалары, шеберхана жұмыстарын ұйымдастыру үшін	2
	5.5 қоғамдық тамактандыру, қонақ үй қызметтері, сауда және сауда - саттық қызметтерін, дәріхана және дәріханалық пункттер ұйымдастыру үшін	3
	5.6 оку орындарында қоғамдық тамактануды ұйымдастыру үшін	0,5
	5.7 білім беру (мектептен тыс, оқушылар үшін үйірме қызметі, компьютерлік сыйынтар), балалар мен жасөспірімдерге дене шынықтыру және спорт, денсаулық сактау және мәдениет салаларында қызметтер көрсету үшін	1
	5.8 өндірістік қызмет үшін	2
	5.9 көлікжай, койма, сактау камераларына арналған үй-жай үшін	2
	5.10 басқалар үшін	1,5
6	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф):	
	6.1 жеке кәсіпкерлер үшін өндірістік қызметті ұйымдастыру және тұрғындарға қызмет көрсету саласын дамыту, тек сауда-делдалдық қызметсіз	0,9
	6.2 жеке меншік ұлгісімен құрылым үшін (акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік)	2

6.3 коғамдық үйымдар және бірлестік үшін	1
6.4 қалғандары үшін	1

3. Көлік құралдарын, аудандық коммуналдық меншік мүлкін, мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін қоспағанда, мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ақысын есептеу.

Көлік құралдарын, аудандық коммуналдық меншік мүлкін, мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін қоспағанда, мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жылдық ақысы төмендегідей болып белгіленеді:

$$A_p = C \times K_1 \times K_2,$$

мұнда: A_p – жалдау ақысының жылдық мөлшерлемесі;

C – жылдық базалық мөлшерлеме, тең қолданылады $C = (S_{бал.} * Намор.)$,
мұнда:

$S_{бал.}$ - тапсырылатын объектінің бастапқы құны;

$N_{аморт.}$ - жылдық тозу нормасы, Қазақстан Республикасы Салық кодексіне сәйкес тіркелген активтердің өтелім нормасы негізінде анықталады

K_1 - пайдалану мерзімін ескеретін, коэффициент;

K_2 - пайдаланудың жағдайын ескеретін, коэффициент.

№ р/с	Коэффициент түрі	Коэффициентмөлшері
1	Пайдалану мерзімін ескеретін коэффициент K_1	
	Автокөлік құралдары; - 1 жылдан 5 жылға дейін пайдаланылғанда - 5 жылдан артық пайдаланылғанда	1,2 1
	жабдықтар - 1 жылдан 7 жылға дейін пайдаланылғанда - 7 жылдан артық пайдаланылғанда	1,2 1
2	Пайдалану жағдайын ескеретін коэффициент K_2	
	Автокөлік құралдары, жабдық - аудан орталығы аумағында пайдаланылғанда - ауданның басқа аумақтарында пайдаланылғанда	1,4 1

4. Кестеде коэффициент болмаған жағдайда, 1 тең коэффициент қабылданады